

## ӨТЕМДІ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ШАРТЫ № \_\_\_\_\_

Астана қаласы

20\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Бұдан әрі бірге Тараптар деп аталатын, бұдан әрі «**Тапсырыс беруші**» деп аталатын, Жарғының негізінде әрекет ететін «**Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі**» коммерциялық емес мекемесінің атынан директоры А.Б.Жұмағұлова бір тараптан, бұдан әрі «**Орындаушы**» деп аталатын, № \_\_\_\_\_ паспорттың негізінде әрекет ететін, \_\_\_\_\_, бір тараптан, төмендігі туралы осы өтемді қызметтер көрсету туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Шарт бойынша Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша мынадай:

1) Семей қаласы Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеттің қызметін Тапсырыс берушінің мамандандырылған аккредиттеуінің стандарттары мен өлшемшарттарына сәйкестігіне сыртқы бағалау жүргізу бойынша;

2) Тапсырыс берушінің стандарттары мен өлшемшарттарына сәйкестігін тексерудің қорытындысы бойынша ұсынымдармен бірге есеп жасау бойынша қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің сыртқы сарапшылар комиссиясының мүшесі ретінде қызметтер көрсетуге міндеттенеді.

1.3. Қызметтерді көрсету мерзімі 20\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін.

1.4. Орындалған қызметтер актісіне Тапсырыс беруші мен Орындаушы қол қойғаннан кейін қызметтер көрсетілді деп есептеледі.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### 2.1. Орындаушы:

2.1.1. Тапсырыс берушіге келтірілген зиянды пропорционалды төлей отырып, жұмыстың күні аяқталғанға дейін кез келген уақытта шартты орындаудан бас тартуға **құқылы**.

#### 2.2. Орындаушы:

2.2.1. Қызметтерді тиісті сапамен көрсетуге;

2.2.2. осы Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген мерзімде қызметтерді толық көлемде көрсетуге;

2.2.3. Орындаушы қызметтерді жеке өзі көрсетуге;

2.2.4. Егер қызметтерді көрсету процесінде Орындаушы жұмыстың сапасын нашарлататын Шарттың талаптарынан ауытқуға жол берсе, анықталған барлық кемшіліктерді Тапсырыс берушінің талабы бойынша 10 күнтізбелік күннің ішінде өтеусіз түзетуге **міндетті**.

### **2.3. Тапсырыс беруші:**

2.3.1. Қызметтерге осы Шарттың 3-тармағында көрсетілген баға бойынша, орындалған қызметтер актісіне қол қойған сәттен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде қызметтерге ақы төлеуге;

2.3.2. Егер білім беру ұйымымен институционалдык/мамандандырылған аккредиттеуді жүргізу бойынша шартқа қосымша келісім жасалған болса, тұрумен және жол жүрумен байланысты шығыстарды төлеуге (жүріп-тұру құралын Орындаушымен келісім бойынша Тапсырыс беруші таңдайды) міндетті.

### **2.4. Тапсырыс беруші:**

2.4.1. Тапсырыс берушінің шартты орындаудан бас тарту туралы хабарламасын алғанға дейін орындалған көрсетілген қызметтердің бөлігіне пропорционалды белгіленген бағаның бөлігін Орындаушыға төлей отырып, жұмыстың күні аяқталғанға дейін кез келген уақытта Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

## **3. ШАРТТЫҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ:**

3.1. Институционалдык/мамандандырылған аккредиттеудің шеңберінде білім беру ұйымының қызметін бағалау жөніндегі жұмысқа қатысқаны үшін сыйлықақы салықтарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) теңге.

## **4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ**

4.1. Осы Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімін бұзғаны үшін, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған әрбір күн үшін 0,1 % есебінен өсімақы төлейді.

4.2. Осы Шартта көзделмеген тараптардың жауаптылық шаралары Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын азаматтық заңнаманың нормаларына сәйкес қолданылады.

4.3. Айыппұлдарды, өсімақыларды және тұрақсыздық ақысын төлеу, сондай-ақ шығындарды өтеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

## **5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ:**

5.1. Тапсырыс беруші және Орындаушы шарт бойынша немесе онымен байланысты олардың арасында туындаған барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды келіссөздер процесінде шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

5.2. Егер келіссөздер басталғаннан кейін бір айдың ішінде Тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **6. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ**

6.1. Осы Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет етеді.

## **7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР:**

7.1. Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда жасалған және Тараптардың оған уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды. Осы Шартқа қосымшалар оның ажырамас бөлігін құрайды.

7.2. Осы Шарт екі данада жасалды. Екі данасы сәйкес келеді және заңдық күші бірдей. Тараптардың әрқайсысында осы Шарттың бір данасы бар.

## **8. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ ЖӘНЕ БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:**

**Тапсырыс беруші:**

**«Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі» КЕМ**

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 41886-1901-У-Е

2011 жылғы 24 қараша

СТН 620200382385

БСН 111140016592

БСК KZ 93998ВТВ0000098322

БСК TSESKZKA

«Цеснабанк» АҚ

**Директор**

**А.Б. Жұмағұлова**

М.О.

**Орындаушы:**

**Т.А.Ә. :** \_\_\_\_\_

**Байланыс тел.** \_\_\_\_\_

**Паспорт №** \_\_\_\_\_

**берілген**